

2012 жылға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 3 мамырдағы N 253 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 22 мамырда N 14-15-139 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімінің аппаратының 2013 жылғы 1 ақпандағы № 03-228 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімінің аппаратының 01.02.2013 № 03-228 хатымен).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Шардара ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Шардара ауданы бойынша 2012 жылға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 наурыздан туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Оспановқа жүктелсін.

Аудан әкімі

М.Мараим

Шардара ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 3 мамырдағы

№ 253 қаулысына қосымша

Шардара ауданы бойынша 2012 жылға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдері

№	Дақылдар түрі	Оңтайлы мерзімдері		Ескерту
		басталуы	аяқталуы	
1	Майлы дақылдар	01.03.2012ж.	01.05.2012ж.	Егістік және суармалы жерлер
2	Жоңышқа	20.03.2012ж.	01.05.2012ж.	Егістік және суармалы жерлер
3	Жүгері	20.04.2012ж.	15.06.2012ж.	Суармалы жерлер
4	Көкөніс және бақша өнімдері	10.03.2012ж.	25.06.2012ж.	Суармалы жерлер
5	Картоп	10.03.2012ж.	25.06.2012ж.	Суармалы жерлер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК